БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 171 (9233) | 1953 жылғы 26 август Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Советтер жұмысшылар мен шаруаларды толық қамтыйтын, партия саясатын қалың бұқараға жеткізіп, онымен күнбе-күн қарым-қатынас жасап отыратын бірден-бір бұқаралық және ең демократияшыл ұйым болып табылады. Еңбекшілер депутаттарының Советтері—Совет Одағының саяси негізі.

ЖЕРГІЛІКТІ СОВЕТТЕРДІҢ ҰИЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАҚСАРТЫЛСЫН

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезі халық шаруашылығының алуан түрлі саласын жаңа қарқынмен өркендетіп, еңбекшілердің әл-ауқатын жақсарта беру, мәдениетті бұрын болып көрмеген дәрежеге көтеру міндеттерін қойды. Бұл міндеттерді тыңнақты және аброймен орындау ісіне ССРО Жоғарғы Советінің жақында болып өткен бесінші сессиясы көп көңіл бөлді. Сессияның қарарларында, ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзінде Коммунистік партия мен Совет үкметінің таяу жылдар ішінде халық игілігі үшін жүзеге асыратын шаралары атап көрсетілген. Кәзір біздің әрі шұғыл, әрі аса маңызды міндеттеріміз алдағы екі-үш жылдың ішінде еліміздің еңбекшілері үшін азық-түлік және өнеркәсіп тауарларының молшылығын жасау, ауыр өнеркәсіпті онан әрі өркендете отырып, артта қалып келе жаткан аудандар мен колхоздарда ауыл шаруашылығының нағыз күйін ең қысқа мерзімде жою, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын тез өркендетіп, нығайтуды қамтамасыз ету, сөйтіп колхозшылардың еңбеккүндеріне берілетін ақшаны, астықты және басқа өнімдерді едәуір ұлғайту болып отыр. Тұрғын үй жағдайларын, еңбекшілерге медициналық қызмет ету ісін жақсартуға, мектептер мен балалар мекемесінің жүйесін ұлғайтуға зор көңіл бөлінуде. Социализм тұсында социалистік қоғамның мүшелері арасында тұтыну заттарын бөлудің негізгі түрі, еңбекшілердің өскелең жеке тұтыну талаптарын қанағаттандырып отырудың негізгі түрі болып табылатын және ұзақ уақыт солай болып қала беретін совет саудасын кең өрістетуге ерекше назар аударылуда.

Коммунистік партия мен туысқан Совет үкметінің алға қойып отырған бұл міндеттерін орындауда жергілікті Советтердің зор роль атқаруға тиіс екені сөзсіз. Өйткені, Советтер жұмысшылар мен шаруаларды толық қамтыйтын, партия саясатын қалың бұқараға жеткізіп, онымен күнбе-күн қарым-қатынас жасап отыратын бірден-бір бұқаралық және ең демократияшыл ұйым болып табылады. Еңбекшілер депутаттарының Советтері —Совет Одағының саяси негізі.

Советтердің ұйымдастыру жұмыстары-

дық Советтерге де жіберілді. Ұзынкөл ауданында атқару комитетінің Совет алдында, ал депутаттардың сайлаушылар алдында есеп беріп отыруы жолға қойылған. Кәзір биыл ғы жылы сайланған сегіз ауылдық Советтің депутаттары өз сайлаушылары алдында түгел есеп берді. Депутаттардың есебін талқылау үстінде сайлаушылар көптеген күнді пікірлер айтып, ұсыныстар жасады. Аудандық Советтің, оның атқару комитетінің бұл сыяқты шаралары өзінің игілікті нәтижелерін беріп, егін жыйнау, жемпөн дайындау, қоғамдық мал басын өсіру ісінде ұйымдастыру жұмыстарының жақсаруына көп әсерін тигізді.

Жергілікті Советтердің ұйымдастыру жұмыстарын жақсартуда коллективтік басшылықтың ролін төмендетуге немесе оған мән бермеуге болмайды. Советтің сессиясына барлық депутаттың, атқару комитетінің мәжілісіне оның барлық мүшесінің толық қатысуын және олардың мәселе шешуде белсенділік көрсетуін қамтамасыз етіп отырудың зор маңызы бар. Бұл үшін сессияның, мәжілістің қашан болатыны, онда қандай мәселелер қаралатыны алдын-ала хабарланып, депутаттардың ойлануына, дайындалуына толық мүмкіншілік жасалуы керек.

Мәселені коллектив болып белсенді талқылау ісінде Ақтөбе облысының Қобда ауданында елеулі кемшіліктер бар. Мұнда көп жағдайда аудандық Совет сессиясының күн тәртібі алдын-ала хабарланбайды, сессия асығыс өткізіледі. Сондықтан мәселе талқылауға депутаттардың ойдағыдай белсенділік көрсетуі қамтамасыз етілмейді. Сол сыяқты атқару комитетінің (председателі Алдабергенов жолдас) мәжілісін өткізуде де шалағайлық, қаралатын мәселелерді күні бұрын әзірлемеу фактілері кездеседі. Бұл жағдай ұйымдастыру жұмыстарының біркелкі тыңғылықты жүргізілмеуіне, шаруашылық салаларына басшылық етудің ойдағыдай болмауына соқтырып отыр. Осының салдарынан соңғы жылдары ауыл шаруашылығында техника күшінің кәптеп пайдаланылуына қарамастан, аудан қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде артта қалып келеді, егіннің шығымдылығы төменден кетті.

Жергілікті Советтердің ұйымдастыру

Егін жыйнау мен астық тапсыру қарқынын күшейте берейік!

☆ ☆ ☆ ☆

Еңбекті дұрыс ұйымдастыру—табыс кілті

Комбайншы болып жұмыс істегеніме бірнеше жыл болды. Сол уақыттан бері егін жыйнау жөніндегі маусымдық тапсырманы үнемі артығымен орындап, колхоздардың егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алуына нақтылы көмек көрсетіп келемін. Өткен жылы егін жыйнау маусымында 704 гектар егін жыйнап, 693 килограмм жанар және жағар майын үнемдедім.

Быйыл МТС қамтуындағы колхоздарда егіннің өсуі өткен жылғыдан анағұрлым жақсы. Бұл комбайншылар мен трактершылардан жұмысты бұрынғыдан да өнімді істеуді, сөйтіп, егіннің нағұрлым қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйналуын қамтамасыз етуді талап етеді. Міне, сондықтан да мен быйыл 800 гектар егін жыйнап, 12 мың центнер астық бастыруға және мың килограмм жанар, жағар май үнемдеуге міндеттеме алдым.

Бұл күндері алған міндеттемемді аброймен орындаудамын. Алдымен, агрегатта еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына жетістік. Агрегат мүшелері өздерінің атқарған жұмыстарын жақсы біледі және жұмысқа кешікпей шығып, жұмыс уақытын толық пайдаланады.

Комбайнның жұмыс өнімділігінің жақсы болуы тракторшының өз ісіне ұқыптылықпен қарауына тығыз байланысты. Ол өскен егіннің жағдайына қарап, агрегаттың жүру жылдамдығын біресе шапшаңдатып, біресе баяулатып отыруы керек. Егінде аткжал қалмауы тікелей тракторшыларға байланысты. Бізде бұл мәселелерге жете назар аударылады.

Агрегатта еңбекті дұрыс ұйымдастырудың нәтижесінде мен күніне 12 гектар егін жыйнаудың орнына, 25-30 гектардан егін жыйнап жүрмін. Жұмысты осылайша істеу 25 жұмыс күні ішінде 800 гектар егін жыйнау жөніндегі алған міндеттеменің орындалуына мүмкіндік береді. Кәзірдің өзінде 250 гектардан астам егін жыйнап, 3 мың центнерлей астық бас-

Петропавл элеваторында

Облыс колхоздары егін орағына жаппай кіріскелі бірсыпыра уақыт өтті. Қоймаларға астық тасу, оны қабылдау жұмыстарының қызу кезеңі басталды. Астық тартқан машиналар колоннасы күндіз-түні бірдей ағылып, астық қабылдау пунктт-ріне келіп жатыр.

Петропавл элеваторы (директоры Котов жолдас) бұл науқанды жақсы әзірліктермен қарсы алды. Астық қоймалары, астық қабылдайтын орындар жақсы жабдықталды.

Мұндай жақсы әзірлік алғашқы күндерден-ақ өзінің игілі нәтижесін беруде. Кәзір элеваторда астық қабылдау жұмысы тәулік бойы қызу қарқынмен жүреді. Мұнда Ленин, Октябрь, Приешім, Соколов және Петропавл аудандарынан күнсайын жүздеген машина келеді. Оның үстіне темір жол арқылы да астық тиеген вагондар келіп жатады.

Әкелінген астықтық лабораторияда сапасын тексеріп өткізу жұмысы жақсы жолға қойылған. Бір жұмыс процесін зяқтауға, яғни, бір машиналар колоннасымен әкелінген астықтың сапасын тексеру үшін 10 минут уақыт керек. Ал, лаборанттар А. Илларионова және Л. Баянова жолдастар өз жұмыстарына ұқыптылықпен қарап, оны жақсы меңгерулері арқасында бұған 8-9 минут уақыт жұмсап, 1-2 минут уақыт үнемдейді.

Қабылдауға жарамды деп табылған астық өлшеуден өтуге тиіс. Бұл жұмысқа да өз ісін білетін мәман адамдар қойылған. Таразышылар: Е. Звягина, Е. Ефарова жолдастар машиналардағы өлшеу жұмысын өте шапшаң атқарады. Бір машинамен келген астықты өлшеп, қоймаларға құюға жөнелту ісі небары біржарым-екі минут уақытқа ғана созылады.

ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының материалдарымен және ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзімен жігерленген элеватор коллективі өз жұмыстарында жаңа қарқын тұтызып,

дықтан да жолшыбай жәшіктерден астық төгіліп, ысырап болады. Ал ондай машинасы бар шоферлар жәшіктің ішік сақлауларын шөп, сабынмен тығындауға әуестенбі алған. Мұның пайда зияны бірдей. Астық шашылады және оның тазалығы кемиді.

Мысалы, 14 август күні элеваторға Приешім ауданынан № 35—58 жүк машинасымен астық тасушы шофер П. Кампут жолдас келді. Машинаның жәшігінің сақлауларынан қызыл бидай сорғалап жерге ағып тұр. Ал, жәшіктегі астықтың үстіне машинаның болоны салынған. Оны алып жерге тастағанда болонмен кемінде 3-4 килограмдай бидай ысырап болды.

Бұл неге былай деген сұраққа Кампут жолдас,—мен не істейін, бұған автобаза кінәлі. Запас болонды қоятын орын жасамаған. Сондықтан оны астықтың үстіне тастауға тура келеді, — деп жауап берді.

Элеваторға астық артқан машиналардың үстінен төрт-бестеген адамдарды жиі көруге болады. Олар машинаға отырарда өздерімен бірге шаң- топырақ лестірін, астықтың тазалығын кемітсе, машинадан түсерде олар килограмдаған астықты жерге шаша түседі.

Осы айтылған жағдайлардың бәрі мемлекетке тапсырылатын астықты көрінекзге ысырап ету болып табылатыны кімге болса да белгілі. Бірақ, автобаза басшылары үшін бұл ештеңеге тұрмайтын ысырап болса керек.

Элеваторға келерде машиналар жүретін жолды көлденеңінен темір жол кесіп өтеді. Бұл жолда көпір бар. Бірақ оның көпір деген аты ғана. Рельстердің жан -жағына тақтай төселмеген. Ал, жалаңаш релістің үстінен өткен уақытта машина шайқалып жәшіктен астық шашылып, ысырапқа ұшырайды. Тінті кей уақыттарда машинаның болоны жарылады. Әрине, бұл облыстық жол басқармасының көз алдынан өтіп жатқан жағдай.

Тағы айта кететін бір мәселе, элеватор

Бірінші парыз орындалды

Преснов ауданының Сталин атындағы колхозының колхозшылары мен механизаторлары ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларымен және ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзімен жігерлене отырып, егін жыйнау мен астық дайындауды ұйымшылдықпен жүргізуде.

Бұл колхозда 6 комбайн жұмыс істейді. Олардың барлығыда жұмысқа өнімді пайдаланылады. Комбайншы Иванов жолдас егінді жыйнауда және оны бастыруда басқалардан үздік алда келеді. Ол агрегаттың тәулігіне 18 сағат жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, бір күнде 27-30 гектар егін жыйнап жүр. Ал, комбайншылар Дробышев, Шепилов, Михайлов, Копорин жолдастар да күндік норманы ұдайы біржарым есе асыра орындайды.

Колхозда бастырылған астықты тазарту, оны дайындау пунктт-ріне жөнелту жұмыстары тыңғылықты ұйымдастырылған. Комбайндардан қабылданған астық колма-қол тазартылып, дайындау пунктт-ріне жөнелтіліп отырылды.

Колхоз партия ұйымы егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмысын кеңінен жүргізіп келеді. Үгітшілер колхозшылар мен механизаторлар арасында жиі болып, әңгімелер өткізеді, дауыстап газет оқыйды, жауынгерлік листоктар мен қабырға газетін үзбей шығарып отырады. Мұның өзі егін жыйнау мен астық бастыру қарқынын еселеп арттыруға көп әсер етті.

Кәзір колхозда 1400 гектар егін жыйналды. Колхоз 25 августқа дейін мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық тапсыру жоспарын толық орындады. Колхоз бұл күндері МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеуді үлгілі ұйымдастыруда. Бұл жөніндегі жоспар кәзірдің өзінде 56 процент орындалды. Кәзір колхозшылар егін жыйнауды 5 сентябрьге дейін, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарын 1 сентябрьге дейін толық орындап шығу үшін күресуде.

Р. УӘЛИЕВ.

Қырман басындағы еңбек

Октябрь ауданының Ленин атындағы

ның түрі мен әдістері алуан түрлі. Сайлаушылар жиналыстарының мезгілінде орындалуы, Советтердің сессиялары мен атқару комитеттері мәжілістерінің уақытында шақырылып, коллективтік басшылық жасаудың қамтамасыз етілуі, бұқара үніне құлақ қоя отырып, өнімнен жаңы байланыс жасау ісінің жолға қойылуы, белгіленген шаралардың жүзеге асырылуына бақылаудың күшейтілуі —осылардың барлығы ұйымдастыру жұмыстарын жақсартудың кепілі. Ұйымдастыру жұмыстарын жақсартуда жергілікті Совет атқару комитеттерінің, оның бөлімдерінің, әсресе ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің көп жұмыс істеуге тиіс екенін және істей алатынын естен шығаруға болмайды.

Жергілікті Советтердің социалистік жарысын кең өрістете отырып, республикамыздың көптеген алдыңғы қатарлы ауылдық, селолық, аудандық Советтері және жеке облыстық Советтер елеулі табыстарға жетіп келеді. Олар ұйымдастыру жұмыстарындағы бай тәжірибені қорытып, өз жұмыстарында кең қолданады, бұқара үніне, әсресе төменнен болған сынға құлақ асып, одан қорытынды шығарып отырады.

Депутаттардың сайлаушыларымен кездесуі, олардың халық қызметшісі ретінде есеп беріп отыруы бірсыпыра жақсарды. Жұмысты жақсы ұйымдастырудың әдісі ретінде қабылдау ғана деп түсінетін қызметкерлердің саны барған сайын азайып келеді. Совет аппаратының қызметкерлері өздерінің саяси білімдерін, мамандықтарын көтере отырып, ұйымдастыру жұмыстарын нақтылы және жаңжақты жүргізуге көп көңіл бөлуде. Советтің тұрақты комиссияларының жұмысы да жандана түсті.

Үстіміздегі жылдың бірінші жартысында Қостанай облысындағы еңбекшілер депутаттары Ұзынкөл аудандық Советінің атқару комитеті өзінің бес бөлімінің жұмысын тексеріп шықты. Бір бөлімнің жұмысын тексеруге екінші бөлімнің қызметкерлері, депутаттар, актив кең қатыстырылды. Осының нәтижесінде бұрын белгісіз болып келген немесе мән берілмеген кейбір кемшіліктердің беті ашылып, олардың жоюдың шұғыл шаралары белгіленді. Атқару комитеті өзінің мәжілісінде төрт ауылдық Совет председателінің баяндамасын тыңдап, болып отырған кемшіліктерді атап көрсетті. Бұл ауылдық Советтердің жұмысы жөніндегі қарарлар басқа ауылдар мен ауылдық Советтерге ендігі жерде тәжірибе болмайды. Ұйымдастыру жұмыстарын жоғары сатыға көтере отырып, жергілікті Советтердің ролін арттыру үшін коллективтік басшылық етуді жақсартып, бұқарамен байланысты бұрынғыдан да нығайту керек.

Қазір республикамыздың колхоздары мен совхоздары, механизаторлары қоғамдық малға жеткілікті жемшөп қорын жасау және бітік шыққан егінді ысырапсыз жыйнап алу ісіне жұмылуда. Колхозшылар өздерінің, колхоздың, еліміздің тек қамбаға жыйналған астықпен ғана бай болатынын ескере отырып, қажырлы еңбек етуде. Мал шаруашылығын өркендету мен егіннен мол өнім жыйнаудың тағдыры колхоз бен совхоздың егін далаларында, шабындықтарында шешіліп жатыр. Осыған байланысты жергілікті Советтердің алдына өте жауапты міндет қойылып отыр. Жергілікті Советтер жемшөп қоры молшылығын жасауды, егінді ең қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап алуды қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру жұмыстарын кең өрістетуге тиіс. Советтің әрбір буыны—атқару комитеті, оның бөлімдері, тұрақты комиссиялар, депутаттар мен актив ұйымдастыру жұмыстарына қызу араласулары керек.

Жергілікті Советтер тұрғын үй құрылыстарын, халыққа медициналық қызмет ету ісін жақсартудың, совет саудасын кең өрістетудің негізгі ұйымдастырушылары екенін ұмытуға болмайды. Рас, қазір еңбекшілер көпшілігінің дала жұмыстарында жүрін, бытыраңқы болуына байланысты сауда мен медициналық қызмет етуде кейбір қыйыншылықтар да болып отыр. Бірақ еңбекшілердің жұмыстың түрлі саласында істеуі, сөйтіп жыйнақы болмауы сауда мен медициналық қызмет ету ісін нашарлатып жіберуге ешбір дәлел бола алмайды. Жергілікті Советтердің, олардың атқару комитеттерінің жұмысы ұйымдастыру жұмыстарын дәл осындай кезеңде қалай жүргізе білгендігімен бағаланады.

Еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтері барлық күш-мүмкіншілікті пайдалана отырып, ұйымдастыру жұмыстарын партия мен үкмет алға қойып отырған шұғыл міндеттерді орындауға бағындырулары керек.

(«Социалистік Қазақстанның» 23 августағы басмақаласы).

тырдым және 100 килограмм жанар май үнемдедім.

Агрегат мүшелері 1 сентябрьге дейін алынған міндеттемені сөзсіз орындап, егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнау жолындағы ақмолалықтардың шақыруына нақтылы іспен жауап береді.

Ж. СМАҒҰЛОВ,
Семиполка МТС-нің орденді комбайншысы.

НОРМАЛАРЫН АРТЫҒЫМЕН ОРЫНДАЙДЫ

Шаглы астық совхозының комбайншылары Ж. Жамышев, А. Тупейка жолдастар егін жыйнауда күнделік жұмыс тапсырмаларын үнемі 120 — 130 процеттен орындайды. Сөйтіп, олар совхоздың егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алуына нақтылы көмек көрсетуде.

С. ШАҚАМАНОВ.

көтерілгі міндеттемелер [illegible] Сондықтан жоғарыда айтылған жұмыс шашпандығы лабораторияда істейтін және таразышы жолдастарды қанағаттандыра алмады. Ефарова мен Звягина жолдастар машинадағы астықты өлшеуді біржарым-екі минутте емес, бір-біржарым минутте өлшеуге, ал лаборанттар Илларионова мен Баянова жолдастар астықты лабораторияда байқап өткізу жұмысын 8 минутке дейін азайтуға міндеттеме алысты.

Астық қабылдау жұмысының барысы осылай болғанмен астық тасу жөнінде № 2 Петропавл авторотаның бастығы Мочалкин жолдаска біраз талаптар қоюға тура келеді.

Машиналардың көпшілігінің жәшіктері жақсы жөнделмеген. Сонымен бірге, машиналар астықтың астына төсейтін кенеппен де түгел жабдықталмаған. Сонды[illegible]мысты таңертеңгі сағат 9- дан бастап, қана істейді де күн батпай жабылады. Ал, астық тасушыларда бұл сияқты белгіленген уақыт жоқ. Олар элеваторға күні -түні бірдей келіп жатады. Түнде келген уақытта тамақтанайын десе асхана жабық тұрады. Бұл әсресе, алыс аудандардан келетін астық тасушыларға қыйын болып жүр.

Міне, жоғарыда аталған мекемелердің басшылары осы айтылған жағдайларды ескеріп, астық тасу мен қабылдауда орын алып отырған кемшіліктерді жоюдың шұғыл шараларын белгілегені жөн. Астық қабылдау жұмысын тыңғылықты жүргізіп, мемлекетке астық тапсыру жоспарын ойдағыдай орындауда мұның үлкен маңызы барын естен шығаруға болмайды.

Е. МЫРЗАХМЕТОВ.

колхозының колхозшылары ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларын және Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзін зор қуаныпшпен қарсы алып, оған жауап ретінде егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарының қарқынын еселеп күшейтті. Әсресе, колхоздың астық қырмандарында еңбек күн санап қыза түсуде. Астық тазартушылар К. Балахметова, Р. Асылтаева, Б. Сағындықова жолдастар күнделік жұмыс нормаларын екі еселеп орындап келеді.

Комбайншылар Қ. Сахатов және Е. Есетов жолдастар да еңбектің озат әдістерін көрсетіп жүргендер. Олар егін жыйнауда күнделік жұмыс тапсырмаларын 150 процеттен кем орындамайды.

Колхозшылардың егін даласында қажырлылықпен еңбек етулері колхоздың алғашқы күндері мемлекетке 1600 центнер астық тапсыруын қамтамасыз етті.

Ғ. МАЛДЫБАЕВ.

Советтік Қазақстанда

Өнімнің өзіндік құны жоспардағыдан кем

Қазақстандағы ең ірі Алматының № 3 кірпіш заводы сегіз айлық өндірістік программаны мерзімінен бұрын аяқтады. Кәсіпорын жыл басынан бері республика астанасының құрылыстары үшін жоспардан тыс үш миллион дана кірпіш шығарды.

Әрбір жұмыс орнында электр қуаты, отын, қосалқы материалдар үнемделуде. Жалпы заводтық үстеме шығындар тапсырмадағыдан 30 мың сом артық кемітілді. Брак азайып, шикізат пен дайын өнімді сақтаған кезде болатын ысырап шұғыл кемітілді. Осының нәтижесінде бір мың дана кірпіштің өзіндік құны быйыл 7 сом 37 тыйын кемітілді.

Қазір заводтың коллективі еңбек өнімділігін бұдан да арттыру, кірпіштің сапасын жақсартып, оның өзіндік құнын кеміту үшін жарысты күшейтуде.

(ҚазТАГ).

Біржарым жылдық жемшөп қорын жасауда

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). «Большевик» совхозы малға керекті жай шөп пен құнарлы жемшөп қорын жасау жоспарын облыста бірінші болып орындады. 200 мың центнер дерлік шөп дайындалып, 30 мың центнерге жуық шөп сүрленді. Жемшөп дайындау жұмысы әлі де жүргізілуде. Шөп шабу және сүрленетін шөпті турау жұмысында өздігінен жүретін және тракторға тіркелетін 15 шөп машинасы, қайта жабдықталған комбайн, сүрленетін шөп турағыш пайдаланылуда. Өздігінен жүретін шөп машиналарының машинистері Бәжетаев, Шаров, Саев жолдастардың әрқайсысы кәзірдің өзінде 2.300—2.500 гектар жердің шөбін шапты.

Колхозды ауылдың көркі

ШҰБАР. (Талдықорған облысы). (ҚазТАГ). Жетісудағы озат колхоздардың бірі—Сталин атындағы ауылшаруашылық артелі Шұбар ауылында орналаскан. Оның табысы өткен жылы екіжарым миллион сомнан асты. Колхозшылар әрбір еңбеккүнге үш килограмнан аса астық, тағы басқа да көптеген азық-түлік, төрт сомнан ақша алды. Колхозда 14 Социалистік Еңбек Ері бар. Быйыл дәнді егістің түсімі әр гектардан орта есеппен 17 центнер болды. Қызылшаның әр гектарынан 600 центнер, яғни өткен жылғыдан 150 центнер артық өнім алынады деп күтілуде. Мал саны да едәуір көбейді. Артель бухгалтериясы быйыл колхоздың қоғамдық табысы үш миллион сомнан асатынын есептеп шығарды.

Шұбар ауылы бақтың арасында. Оның көшелеріне жақсы үйлер орнаған. Мұнда онжылдық мектеп, үлкен клуб, кітапхана, жазғы театр, стадион, аурухана, магазиндер, электр станциясы, қуатты радиоторабы, механикаландырылған ағаш ұсталығы мен слесарьлық мастерской, ұста дүкені бар. Әрбір үйде радио, электр жарығы орнаған. Колхозшылар ауқатты және мәдениетті тұрады.

ССРО Жоғарғы Советі сессиясының қарарларын және Маленков жолдастың сөзін талқылай келіп, колхозшылар мал шаруашылығын өркендету шараларын белгілеуде. Товарлы-сүт фермасында Алатау тұқымды сыйырдың санын 200-ге жеткізу ұйғарылды. Колхоздың отарларында 18 мың қой бар, оның жартысы биязы жүнді қойлар. Таяудағы екі жылдың ішінде биязы жүнді қой санын үш есе көбейтуге қаулы алынды.

Құрылыс жұмыстары зор көлемде жүргізілуде. Қазір жаңа электр станциясы салынып жатыр, төрт мал фермасын механикаландыру жұмысы аяқталып келеді.

Ауылдың өз интеллигенциясы өсіп жетілді. Мұнда 50-ден аса мұғалімдер, медицина қызметкерлері, агрономдар, зоотехниктер, механизаторлар бар.

Витамині мол жемшөп дайындаудың жаңа әдісі

Алматы облысы, Алматы ауданының «Горный гигант», Сталин атындағы колхоздары жоңышқаның екінші орымын аяқтады. Үшінші орымның алдындағы суару жұмысы жүргізілді, бұл орым да таяу күндерде жүргізіледі. Өткен жылдарға қарағанда, бұл колхоздар жоңышқа пішенін дайындауды кең көлемде Алматыдағы малдәрігерлік- зоотехникалық институттың ауылшаруашылық хайуанаттарын асырау жөніндегі кафедрасының қызметкері М. Байтурин ұсынған жаңа әдіспен жүргізіп отыр.

Жас қазақ ғалымы жоңышқа пішенінде каротинді сақтап қалудың әдісін белгіледі. Оның мол болуы пішеннің құнарлылығын арттырады. Жаңа әдістің мәні мынада: орылған жоңышқа сол орнында бұрынғыша бір-екі күн емес, 3-5 сағат қана жатады, ол кептірілмейді, тек қана солыйды, мұнан кейін оны үйіндіде немесе шөмеледе кептіреді. Тәжірибеге қарағанда, жоңышқа жыйнаудың бұл жаңа әдісін қолданғанда пішендегі каротиннің кемуі теңжара азаяды.

Жемшөптегі және сүт өнімдеріндегі каротинді көбейту жолдарын зерттеу М. Байтурин жолдастың диссертациялық еңбегіне негіз болды. Институттың ғылми советі оған бірауыздан ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты деген атақ беріп, витамині мол жемшөп дайындаудың жаңа әдісін республиканың колхоздары мен совхоздарына ұсынуды ұйғарды. (ҚазТАГ).

Сегіз айлық жоспар мерзімінен бұрын орындалды

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Ақтөбе ферросплав заводының коллективі металл шығарудың сегіз айлық жоспарын мерзімінен екі апта бұрын орындады. Еңбек өнімділігін арттыру, шикізатты, отынды, электр қуатын үнемдеу есебінен өнімнің өзіндік құны кемітілді.

№ 2 цехтың металлургтері сегіз айдың жоспарын бірінші болып орындады. Жуырда цехтың коллективіне КБОС пен Металлургия өнеркәсіп министрлігінің ауыспалы Қызыл туы тапсырылды. Өндірістің жаңа қорларын тауып пайдалана отырып, цехтың коллективі еңбек өнімділігін өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 25 процент арттырды. Үшінші цехтың металлургтері еңбек өнімділігін қажырлылықпен арттырып келеді. Михаил Дегтярев пен Михаил Ромащенконың металл балқытушылар бригадалары металл балқыту тапсырмасын күн сайын 120 процеттен орындауда.

СОВХОЗДАРДАҒЫ МӘДЕНИ-ТҰРМЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Сарыбұлақ қой совхозында үлкен клубтың құрылысы аяқталды. Оған кітапхана, оқу және физкультура залдары орналасты, 140 орынға арналған зал, фойе бар. Совхозда күзге дейін жұмысшыларға арналған екіқабатты үш үлкен үй салынады.

Ленин атындағы совхозда да көптеген тұрғын үйлер мен тұрмыс мекемелерінің үйлері салынуда. Мұнда кәзірдің өзінде үш бөлмелі 46 тұрғын үй, жоғары кластың оқушыларына арналған интернат пайдалануға берілді. Киров совхозында алты тұрғын үйдің құрылысы аяқталып келеді. Ақсу совхозында 110 киловаттық су электр станциясының құрылысы күзге дейін аяқталады.

Күзгі-қысқы маусымның аяқкиімдері

Елдің жеңіл өнеркәсібінің кәсіпорындары аяқкиімнің күзгі-қысқы түрлерін тігуге кірісе бастады. Аяқкиім өндіру басқармасының жанындағы үлгілер жасау советі мақұлдаған жаңа 720 аяқкиім түрлерін өндірісте жасау ұйғарылды.

Аяқкиімдердің жаңа бірқатар түрлерін әсемдеу үшін түрлі үлгідегі көрік беретін оюлар қолданылады. Әсресе, күзгі-қысқы маусымға әзірленгенде балалар аяқкиімінің үлгісін жасауға ерекше көңіл бөлінді. Балалардың былғары аяқкиімдерінің жаңа түрлері жасалды. Өйелдер аяқкиімі үшін қалып пен өкшелердің өте-мөте қолайлы түрлері жасалды.

Өткен жылмен салыстырғанда әйелдерге, мектеп оқушылары мен балаларға арналған жылы ботинкалар шығару үш еседен аса артады. Мұндай аяқкиімдер «Парижская коммуна», «Скороход», «Буревестник», Микоян атындағы және басқа фабрикаларда жасалады.

Күзгі-қысқы маусымда әйелдерге арналған қонышсыз ботинкалар мен туфлилердің және мектеп оқушыларына арналған аяқкиімдердің, әйелдердің лакталған туфлилерінің өндірісі едәуір ұлғайды.

Аяқкиімдердің көркемдік сапасын жақсарту үшін шаралар қолданылуда.

(СОТА).

Петропавл қалалық XVIII партия конференциясы

22-23 августа Петропавл қалалық XVIII партия конференциясы болып өтті. Конференция қалалық партия комитетінің есеп беріп отырған мерзім ішіндегі жұмысы туралы ҚКП қалалық комитетінің секретары Поцелуев және тексеру комиссиясының председателі Применко жолдастардың баяндамаларын тыңдап, талқылады.

Партияның XIX съезінің қарарларын орындай отырып, қала партия ұйымы партиялық- ұйымдық, идеологиялық жұмыстың жайын біраз жақсартып, бастауыш партия ұйымдарының ұйымдастырушылық ролін едәуір арттырды. Осының нәтижесінде шаруашылық және мәдени құрылыс міндеттерін жүзеге асыруда айтарлықтай табыстарға қол жетті.

Өткен жылы қаланың өнеркәсіп орындары жалпы өнім шығару жөніндегі жоспарды асыра орындады. Өндірілген өнімнің көлемі 1951 жылмен салыстырғанда 13,2 процент артты. Бөлінген кәсіпорындары үстіміздегі жылдың өндірістік тапсырмаларын ойдағыдай орындауда.

Дегенмен, кәсіпорындары мен транспорттың, құрылыс ұйымдарының жұмысы әлі де өскелең міндеттердің дәрежесінде деуге болмайды. Бірсыпыра кәсіпорындары мемлекеттік жоспарды кезінде орындамайды, сапасыз өнім шығарады. Мысалы, шағын двигательдер жасайтын завод осы жылдың 7 айлық өндірістік жоспарын орындамады. Завод сапасыз өнім шығарудан 300 мың сом зиян көрді. Темір жол бөлімшесінде техникалық пайдалану ережесі дұрыс сақталмайды, жұмыста көптеген ақау жіберіледі. Еңбек тәртібі төмен. Сондықтан жоспар негізгі көрсеткіштер бойынша толық орындалмай келеді.

Қаланың құрылыс ұйымдары жарты жылдық жоспарды небары 60 процент ғана орындады. Автомобиль транспортында машиналарды пайдалану проценті мүлдем төмен. Қаланың коммуналдық шаруашылығы мен қаланы көркейту мақсатына бөлінген қаржы жыл сайын толық пайдаланылмайды, пәтер үй құрылысының қарқыны баяу, сапасы төмен. Сауда ұйымдары сауданы тұтынушылардың өскелең қажетіне сәй ұйымдастыра алмай келеді. Магазиндер мен базарларда халыққа қажетті товарлар мен азық- түліктердің түрлері жеткіліксіз. Советтік сауда тәртібін бұрмалау фактілері жиі кездеседі. Осы сыяқты, қаланың финанс, денсаулық сақтау, халық ағарту орындарының жұмыстарында да елеулі кемшіліктер бар.

Бұл неліктен? Бірсыпыра бастауыш партия ұйымдары мен қалалық партия комитеті партиялық -саяси жұмысты шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізе алмады. Кәсіпорындарының басшылары өндірістік жоспарларды орындау ісіне жете назар аудармайды. Бірсыпыра партия ұйымдарында партиялық ішкі жұмыстың жайы мүлде қанағаттанғысыз. Партия жиналыстары кезінде өтіп, онда рылған. Бұл жұмыс көбінесе тек кәсіподақ ұйымдарынан талап етіледі де, бұл маңызды мәселеден партия ұйымдары тыс қалады. Поцелуев жолдастың өзінің есепті баяндамасында социалистік жарыс және оған партия ұйымдарының басшылығы туралы жұмған аузын ашпауы осыны дәлелдейді. Бастауыш партия ұйымдары, қалалық комитет социалистік жарысты барлық жерде нәрменді ұйымдастырып, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің күн санап өсіп отырған белсенділіктерін қолдай білуге тиіс.

Паровоз депосының комплексті бригадасының бригадирі Семенов жолдас депоның жұмысындағы кемшіліктерді орынды сынады. Депода еңбек ұйымдастыру ісі нашар. Паровоздар жөндеуге жоспарсыз жіберіледі. Осының салдарынан асығыстыққа жол беріледі. Депо басшылары, қалалық комитет депо жұмысындағы кемшіліктерді болдырмау шараларын қолданулары керек.

—Кәсіпорындарының жұмысы, —деді аяқкиім фабрикасының директоры Гаев жолдас, —мемлекеттік жоспарды орындаумен бағаланатыны мәлім. Алайда, біздің фабрикада жыл сайын өндірістік жоспар орындалмай келеді. Бұл жөнінде қалалық комитеттің, облыстық комитеттің пленумдарында өркашан сөз болып жүр. Фабриканың басшылары ауысып, жаңарады. Бірақ, істің жайы өзгермей келеді.

Менің ойымша, негізгі бір кемшілік мынада: фабриканың бірсыпыра құрал- жабдықтары жаңартуды қажет етеді. Жеңіл өнеркәсіп министрлігі мен қалалық, облыстық партия комитеттері фабриканың жағдайын ескеріп, оның өнімді жұмыс істеуіне көмектесулері қажет.

Делегат Тужиков жолдас өзінің сөзінде қала кәсіпорындарын электр қуатымен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударды. Электр қуатының жеткіліксіз немесе мүлде болмауынан кәсіпорындарында жұмыстың тоқтап қалу фактілері кездесетіні жұртқа мәлім. Олай болса, Орталық электр станциясы өзат кәсіпорындарының қатарына қосылуына таңымыз бар. Конференция Булатов жолдастан және қалалық партия комитетінен қала кәсіпорындарын электр қуатымен қамтамасыз етуді талап етуі өте орынды болар еді.

—Конференция делегаттары Орталық электр станциясы партия ұйымынан келген делегат Белова жолдастың сөзін зор әуейін қоя тыңдады. Тужиков жолдас, деді ол, станция жұмысын орынды сынады. Станцияның қуатын күшейту, қосымша станция салу жөнінде бес жылдан бері сөз болып келеді. Бұл жөнінде мұнан екі жыл бұрын, қалалық XVI партия конференциясының қарарларына арнаулы пункт жазылған болатын. Бірақ, не пайда, қалалық комитет немесе облыстық комитет жоғары орындардың алдына мәселе қойып, оның шешілуіне жетісе алмай-

Қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Дегтяренко және № 2 ер балалар орта мектебінің оқу ісін меңгерушісі Юрченко жолдастар қала мектептеріндегі оқу- тәрбие жұмысының жайына тоқталды. Олар халық ағарту қызметкерлерінің қол жеткен табыстарын баяндай келіп, мектептерде оқу- тәрбие жұмысын ұйымдастыруда көптеген кемшіліктер бар екенін айтты. Өткен оқу жылында мыңнан астам оқушылар күзгі сынға қалды, 700 оқушы кластан класқа көшпеді. Бірсыпыра мектептер жөндеуден өткен жоқ. Бұл және басқа кемшіліктер мектеп басшылары мен халық ағарту орындарының ғана емес, партия ұйымдарының оқу-тәрбие жұмысына әлі де жеткіліксіз басшылық жасайтынын дәлелдейді.

—Қалалық партия комитетінде, —деді Юрченко жолдас, —мектеп директорлары мен кәсіпорындары басшыларының бірлескен кеңесін өткізу, онда политехникалық оқу жөнінде мәселе қарау туралы сөз көп. Бірақ, не пайда, әзірше бұл жөнінде істелген жұмыс аз. Қалалық комитет мектептердегі оқу- тәрбие жұмысына нақтылы басшылық жасауға тиіс.

Қалалық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Чаева жолдас медицина қызметкерлерінің халықтың денсаулығын сақтау ісіндегі табыстарын баяндады. Емдеу орындарының партия ұйымдары, деді ол, медицина қызметкерлері арасындағы саяси-тәрбие жұмысын біраз жақсартты. Мұның өзі медицина қызметкерлерін алда тұрған міндетті ойдағыдай орындау үшін белсене жұмылдырды. Алайда, істегі елеулі кемшіліктерді көрмеу қате болар еді. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі облыстың денсаулық орындарының қажетіне немкетті қарайды. Бірсыпыра аурухана үйлері күрделі жөндеуді және төсек-орындармен қамтамасыз етуді қажет етеді.

—Біздің қала,— деді қалалық физкультура және спорт комитетінің председателі Данилов жолдас, —барлық спорттың көрсеткіштері бойынша республика қалаларының ішінде үшінші орынға ие болып отыр. Көптеген спортшылар республикалық рекордты жеңіп алды. Қаланың партия, совет ұйымдарының басшылары облысаралық немесе республикалық жарыста біздің қаланың спортшыларының жеңіп шығуына тілектестік білдіреді. Бұл жақсы. Бірақ, олар физкультура және спортты кеңінен өрістетуге жете назар аудармайды. Мұғалімдер институтының бұрынғы директоры Присич студенттердің жазғы спартакиадаға қатысуына қарсы болды. Кәсіподақтардың облыстық Советінің председателі Островной жолдас Есіл өзеніне қайық станциясын салу үшін қаржы босату жөніндегі біздің тілегімізбен санаспайды.

Қалалық комсомол комитетінің секретары Ш...

қол жеткен игі нәтижелерін баяндады. Бөлімше жүк тасудың жартыжылдық жоспарын артығымен орындап, тасымалдың өзіндік құнын анағұрлым кемітті. Торапта бес жүзден астам жұмысшылар бесжылдық тапсырманы орындады. Торап бойынша социалистік жарыста бірінші орынға вагон жөндеу депосы ие болып келеді.

Дегенмен, тораптың жұмысында елеулі кемшіліктер мен олқылықтар жоқ деуге болмайды. Қалалық партия комитетінің есепті баяндамасында көрсетілгеніндей, темір жол бөлімшесінде еңбек ұйымдастыру дәрежесі төмен, бірсыпыра кәсіпорындары жұмыста ақауға жол береді. Паровоздардың жылдамдатылған маршрутпен жұмыс істеуі әлі де өскелең міндеттердің дәрежесіне сай емес.

Облыстық партия комитеті саясаттық бөлімнің жұмысы туралы арнаулы мәселе қарап, біздің ісіміздегі кемшіліктердің бетін ашты және ол кемшіліктерді дереу жою жөнінде қажетті шаралар белгіледі. Торап партия ұйымы облыстық партия комитетінің қарарын жүзеге асыру жолында жұмыс істеуде.

Алайда, атап айту қажет, қалалық және облыстық партия комитеттерінің өнеркәсіп-транспорт бөлімдері, бұл бөлімдердің меңгерушілері Гречкосеев, Синчило жолдастар транспорт жұмысына істің жайын нақтылы білумен емес, телефон арқылы «басшылық» жасап келді. Партия комитеттерінің бөлімдері транспорт жұмысының өскелең талаптарына сәйкес басшылық жасауға тиіс.

Конференцияда облыстық партия комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі Синчило жолдасқа орынды ескертулер жасалды. Делегаттар Синчило жолдастың транспорт жұмысын жете білмейтіндігін, қаланың кәсіпорындарында жиі болмайтынын, оның партия қызметкерінің мінезіне жат дөрекі мінездерін батыл сынады.

Қалалық партия комитетінің өнеркәсіп -транспорт бөлімінің меңгерушісі Гречкосеев жолдас конференцияда өзіне айтылған сынды мойындады. Мен және бөлімнің нұсқаушылары, деді ол, кәсіпорындары партия ұйымдарында сирек болдық. Біздің уақытымыздың көбі түрлі анықтамалар мен қаулылардың жобасын жазу немесе көптеген шағымдарды тексерумен өтіп келді.

Конференция делегаттары қалалық Совет атқомінің ұйымдастыру- бұқаралық жұмысында орын алған кемшіліктерді әділ сынға алды. Бірақ, қалалық Совет атқомінің председателі Савин жолдас өзінің сөзінде бұл жөнінде ештеңе айтпады. Ол өзінің бұрынғы әдетінше коммуналдық шаруашылық орындарының жұмысындағы жұртқа мәлім фактілердің тізбегін қайталаумен болды.

Дәрігерлік кеңес

Іш ауруынан алдын-ала қалай сақтану керек

Дизентерия (іш ауруы) жұқпалы ауру. Ол көзге көрінбейтін өте ұсақ микробтар арқылы адамның ішіне өтіп кеткеннен пайда болады. Ал, іш ауруының микробы адамның ішіне микробы бар тамақ немесе су ішкенде, қолдың кірі арқылы өтеді. Адамның организмінде бұл микробтар көбейіп, өздерінің ұрығын жая бастайды. Дизентерия микробы ауру адамның нәжісінде де болады.

Жұқпалы іш ауруы қалай таралады және ауру адамның организмінен шыққан микробтар ауруды таратуда қандай роль атқарады? Сумен жабдықтау орындарын таза ұстауға қамқорлық қай жерде кем болса, сол жерде микробтар көп-көкір тегілген орлардан, дәретханалардан топырағы тығыз емес жер қыртысы арқылы түрлі қалдықтармен бірге өтіп, суға түсуі мүмкін. Көп реттерде жердің үстіңгі қабатына түскен микробтар жаңбырмен жуылып көлге және өзенге түседі.

Микробтар азық-түлікте кірлі қол арқылы, сол сыяқты шыбын арқылы да пайда болады. Шыбын ауру адамның нәжісіне, одан кейін азық-түлікке қонады, сейтіп, іш ауруының микробын тасыйды. Сондықтан жазды күндері шыбын жапырақ көбейіп кеткен кезде іш ауруымен адамдар көп ауырады.

Бірақ, іш ауруының микробын тек қазір іш ауруымен ауырған адам ғана таратын қоймай, сонымен бірге, бұрын іш ауруымен ауырған адамдар да таратады. Өйткені, ол адамның денесіндегі іш ауруының микробтары әлі біржолата құрып бітпеген болады. Кейбір адамдардың организмінде іш ауруының микробы бірнеше айлар, тіпті жыл бойына сақталады. Егер бұрын іш ауруымен ауырған адам тазалық сақтамаса, мәселен қолын үнемі жуып, таза ұстамаса ол адам микробтар арқылы басқа адамдарға ауру жұқтыруы мүмкін.

Іш ауруынан сақтану, оның етек алуына жол бермеу үшін аурудың пайда болуын дер кезінде біліп, ауру адамдардың сау адамдардан жеке болуын қарастыру керек. Ауру нағұрлым уақытылы анықталса, оны дереу ауруханаға орналастыруға, науқас адам жатқан үйді дереу дизенфекция жасауға мүмкіндік туады. Сонымен бірге, ауру деркезінде анықталса, науқас адамға дереу дәрігерлік көмек көрсетіледі. Ал, мұның өзі аурудың ауыр зардабын тигізуден сақтандырады. Сондықтан іш ауруы пайда болды деп күмәнданған адам дереу дәрігерге көрінуге тиіс.

Іш ауруы әртүрлі болады. Кейде ол өте тез басталады. Адамның денесі қызып, нәжісінде шырыш және қан пайда болады. Ал, кей реттерде іш ауруы баяу басталады, науқас адамның нәжісінде кейде шырыш және қан байқалмайды. Дизентерия жеңіл, әдеттегіше іш өтумен ғана бітуі мүмкін. Бірақ, науқас қаншама жеңіл болған күнде де міндетті түрде дәрігерге көріну қажет.

Іш ауруынан алдын-ала сақтану үшін шыбынды жоюдың барлық шараларын қолдану керек. Бұл мақсатпен дәретханаларды, жуынды құятын орларды, сығырынды салатын жәшіктерді үнемі тазартып отыру арқылы қораны таза ұстау қажет. Өйткені шыбын, әсресе, осы жерлерде көп болады. Шыбынды үйге кіргізбеу үшін жазды күні әйнекті ашып қойғанда оған марлі құрған жөн. Үйде шыбынды құрту үшін шыбын өлтіретін ууды (мухаморды), ДДТ препаратын, шыбын жабысып қалатын тұтқыр қағазды пайдаланған өте пайдалы. Шыбын қонбау үшін үйдегі азық- түліктің үсті үнемі жабық болуы керек.

Міне, бұл айтылған шараларды дұрыс және мұлтіксіз қолдану жұқпалы іш ауруынан алдын-ала сақтануға және оның етек алуына жол бермеуге жағдай туғызады.

М. ХАЩЕНКОВА,
Қалалық тазалық сақтау-эпидемиологиялық станцияның дәрігері.

Вильгельм Пиктің ГДР Үкмет делегациясын қабылдауы

БЕРЛИН, 24 август. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Герман Демократиялық Республикасының Президенті Вильгельм Пик өзінің тұрған жерінде —Нидершенхаузенде (Берлин) Совет Үкметімен келіссөздер жүргізгеннен кейін кеше Москвадан қайтып келген, Премьер-Министр Отто Гротеволь бастаған Герман Демократиялық Республикасының Үкмет делегациясын қабылдаған.

Үкмет делегациясы президентке өздерінің Совет Үкметімен жүргізген келіссөздерінің нәтижелері туралы хабарлаған.

АРАВИЯ МЕН АЗИЯНЫҢ БІРТОП ЕЛДЕРІНІҢ БҰҰ-ның ХАУІПСІЗДІК СОВЕТІНЕ ХАТЫ

НЬЮ-ЙОРК, 24 август. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігінің БҰҰ жанындағы тілшісінің хабарына қарағанда, Хауіпсіздік Советінің председателіне Марокколағы жағдай жөніндегі мәселе

және Йеменнің өкілдері 35/1 статьяға сәйкес халықаралық тартыстардың, бейбіттілік пен хауіпсіздіктің халықаралық хауіптерін зерттеу үшін Хауіпсіздік Советінің төтенше мәжілісін шақыруды

партиялық жұмыс пен шаруашылық міндеттердің мәселелері жиі талқыланбайды. Қалалық комитет бастауыш партия ұйымдары секретарьларын партиялық жұмыстың практикалық мәселелеріне жеткіліксіз үйретеді.

Қала партия ұйымында идеологиялық жұмысты бағаламаушылық фактілері әлі жойылған жоқ. Өткен жылы партия оқуы жүйесіндегі бірқатар үйірмелер мен саяси мектептер оқу программасын толық аяқтамады. Мұның үстіне сабақтың идеялық мазмұны жоғары болуы қамтамасыз етілмеді. Қалалық партия комитеті тарапынан насихатшылар мен маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілер үшін көмек кем болды. Осыған қарамастан қала партия ұйымында партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына әзірлік қанағаттанғысыз жүргізіліп отыр.

Көп жерлерде бұқара арасындағы саяси үгіт жоқтың қасы, кейбір үгіт коллективтері тарап кеткен. Жергілікті Советтердің соңғы сайлауынан кейін үгіт пункттерінің көпшілігінде ешқандай жұмыс жүргізілмейді. Осы сыяқты, қалалық партия комитетінің жанындағы баяндамашылар тобындағы жолдастардың көбі еңбекшілер алдында саяси тақырыптарда баяндамалар жасаудан қол үзген.

ҚКП қалалық комитетінің жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірі — ол өзінің қарарларының, сондай-ақ жоғарғы партия, совет органдарының директиваларының орындалуын бақылауды жеткіліксіз ұйымдастырады. Мұның өзі қалалық комитеттің жұмысының нәтижелі болуына нұқсан келтіруде.

Конференция делегаттары қалалық партия комитетінің есепті баяндамасын талқылауға белсене қатысып, оның жұмысындағы кемшіліктерді батыл ашты, ол кемшіліктерді жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

—Бұдан бір жыл бұрын,— деді шағын двигательдер жасайтын завод партия ұйымының секретары Исаков жолдас, — біздің завод қалада алдыңғы кәсіпорындарының бірінен саналып, мадақталды. Оның жалпы көрсеткіштерінің көлеңкесінде елеулі кемшіліктері бүркемеленіп келді. Бұған ешкім көңіл бөлмеді. Осының салдарынан соңғы кезде заводта жоспар орындалмайтын болды. Кінәні мойындау керек, партия ұйымы завод администрациясының жұмысына бақылау правосын жеткіліксіз пайдаланды. Сондықтан кейбір шаруашылық қызметкерлері өз міндеттеріне жауапсыз қарайды. Заводтың бас инженері Егоров жолдас партия ұйымының шараларына қарсы шықты, директордың бұйрығын орындамады. Қалалық комитет заводтың жайын жақсарту жөнінде мәселе қарауды ескермеді.

Делегат Бурлаков жолдас өзінің сөзін социалистік жарыс мәселесіне арнады. Бірсыпыра кәсіпорындарында, деді ол, социалистік жарыс формальді ұйымдастыр жүр. Мәзір станция қиын жағдайда жұмыс істейді. Алайда, қалалық комитеттің қызметкерлері жаңа көмек көрсетуді ескермейді. Олар тек қалада жарық болмай қалған кезде ғана станцияға топ-тобымен келіп, кемшіліктің куәсі болумен ғана қанағаттанып жүр.

Мұнан кейін Белова жолдас қалалық партия комитетінің партия кадрларын іріктеп алу ісіне үстірт қарайтынын сынады. Ол қалалық партия комитетінің аппаратына кейде партия жұмысынан тәжрибесі кем, принципсіз адамдар қызметке алынып келгенін айтты. Белова жолдас сөзінің соңында қалалық партия комитетінің секретары Поцелуев жолдастың сынды ұнатпайтынын айтты. Мен, деді ол, он жылдан бері қалалық комитеттің мүшесімін. Ұзақ уақыт партия ұйымының секретары болып істедім. Пленумдар мен актив жиналыстарында, сондай-ақ, конференцияларда қалалық комитеттің жұмыс стиліндегі кемшіліктерді сынап жүрдім. Тек осы себепті Поцелуев жолдас менің оқып, білім алуыма мүмкіндік жасамады.

Делегаттар Клювак, Данилов жолдастар қалалық партия комитеті мүшелерінің, нұсқаушыларының бастауыш партия ұйымдарында жиі болып, олардың жұмыстарына нақтылы көмек көрсетуі қажеттігіне тоқталды. Қалалық комитеттің мүшелерінің бірқатары тек пленумдарға қатысумен ғана тынып келді. Нұсқаушылардың уақытының көбі телефон соғу, түрлі анықтамалар мен жобаларды жазумен өтеді. Сондықтан бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары олардан қажетті көмек ала алмайды.

Қаланың сауда орындары мен кәсіпкерлік тұтынатын тоқарлар шығаратын кәсіпорындарының жұмысы халықтың тілегінде сай емес. Сауда орындары қала еңбекшілерін овощпен қамтамасыз етуді ұмытып отыр. Бұған қалалық партия комитеті де кінәлі. Делегаттар Коваль, Власкин жолдастар, міне, осы жөнінде айтты.

Облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Рымжанов жолдас қала партия ұйымындағы партия насихатының жайына талдау жасады. Өткен жылы қалалық комитет партия оқуын ұйымдастыру ісіне формальді қарап, бұл істе елеулі қателіктерге жол берді. Қалада шаласауатты коммунистер аз емес. Алайда, олар жалпы білім дәрежесін көтеретін мектептерге қамтылмай, партия оқуы жүйесіндегі үйірмелерге қосыла алмады. Осы сыяқты, қалалық комитет маркстік-лениндік білімдерін өздігінен үйренушілердің жұмысына қатаң бақылау жасап, қажетті көмек көрсете алмады. Сондықтан жыл аяғындағы теориялық әңгімелерге 400 адам қатысады. Насихатшылардың құрамында жалпы және саяси білім дәрежелері төмен жолдастардың жұмыс істеуіне жол берілді. Осының салдарынан кейбір үйірмелерде сабақтың идеялық дәрежесі төмен болды.

Рымжанов жолдас сөзінің соңында партия насихатын ұйымдастыру жөніндегі міндеттерге тоқталды.

[illegible] жолдастар конференцияға қатысушылардың назарын комсомол және Армияға-Авиацияға -Флотқа көмектесу жөніндегі ерікті қоғам ұйымдарының жұмысына партия басшылығын мейлінше жақсартудың қажет екеніне аударды.

Петропавл темір жол бөлімшесінің заяуаттық бөлімінің бастығы Кочемировский жолдас өзінің сөзінде бөлімше теміржолшыларының бесінші, бесжылдықтың үшінші жылының тапсырмаларын орындауда жарысқанда бардығы 27 адам сөз сөйледі.

Конференцияның жұмысына облыстық партия комитетінің секретары Бобров жолдас қатысты. Ол конференцияда сөз сөйлеп, қала партия ұйымының жұмысын жақсарту жөніндегі міндеттерге тоқталды.

Конференция қалалық партия комитетінің есеп беріп отырған мерзім ішіндегі жұмысын қанағаттанарлық деп бағалады.

Сонымен бірге, конференция қалалық партия комитетінің жаңа құрамын сайлады.

Қазақстан КП Петропавл қалалық комитетінің құрамы

Қалалық партия комитетінің мүшелері

АГАЛЬЦЕВ М. Д.	КУЗНЕЦОВ В. Я.	ПОЛЯКОВ Н. Ф.
АҒЫБАЕВ З. А.	КРИУЛИН Н. Н.	ПОПОВ М. В.
АЛХАНОВ Р. А.	КАЗАНЦЕВ И. С.	ПАК К. Г.
БЕЛЕТЧЕНКО И. С.	КОЧЕМИРОВСКИЙ В. И	ПИЛИПЕНКО В. А.
БЕЛОВА Т. М.	КОВАЛЕНКО Т. М.	РЫМЖАНОВ М.
БОБРОВ Н. С.	КЛЮВАК Л. П.	САВИН М. А.
БОЛАТОВ Х. И.	КУФМАН Х. З.	СЕРДЮКОВ П. Т.
ВЕРПЕТА А. И.	КУЗИН С. Е.	СЕРБУЛОВ В. Ф.
ВЛАСКИН П. И.	КӘРІМБАЕВ Б. А.	САНДЫБАЕВ М. М.
ВЕСЕЛОВСКИЙ С. С.	ЛАШКОВ Е. В.	СИНЧИЛО П. В.
ГАНУЩЕНКО И. Ш.	ЛОСЕВ Г. В.	СИЛИН А. В.
ГАЛНЫКИН И. Т.	ЛИПИН А. Е.	СӘРСЕНБАЕВ К. А.
ГЛАЗУНОВА Т. В.	ИСАКОВ В. И.	ТУЖИКОВ М. К.
ГРУДНИСТАЯ Л. А.	МАЛЯВИН А. М.	ТОҚПАНОВ Д.
ГЕРАСИМОВ Б. Л.	МИНЕНКОВА М. И.	ОСПАНОВ Қ. Р.
ГОРОХОВ В. А.	МҰХАМЕДЖАНОВ Ғ.	УСАНИН П. А.
ГРЕЧКОСЕЕВ М. И.	МАКСИМОВ П. А.	ФИЛИМОНОВ И. И.
ГУСТОВ И. В.	МАЛЫШЕВ А. Г.	ЦИМБАЛ Е. В.
ДӘУЛЕТКЕЛДИЕВА Р. Ғ.	МАЛАХОВ Т. И.	ЧАЕВА М. И.
ДЕГТЯРЕНКО З. Н.	МЕДВЕДЕВ И. Г.	ШАТУНОВ С. М.
ДРЫГАЙЛО А. Н.	НИЯЗБЕКОВ С. Б.	ШУЛЬГИНА К. П.
ДМИТРИЕВ К. И.	ОСТРОВНОЙ В. Е.	ШУЛЬЖИЦКИЙ М. М.
ЕРМОЛИН И. В.	ОВЧИННИКОВ Г. Д.	ШӘРІПОВ С. Ш.
ЕРЕМИН К. Г.	ПОЛИПОВ И. П.	ШӘКІРОВ Ғ. Ш.
ЖОВТЯК Ф. М.	ПРЯДКО И. И.	ЩЕГОЛЕВ П. П.

Қалалық партия комитетінің мүшелігіне кандидаттар

АРАПОВ. В. С.	ЖУРАВЛЕВ М. С.	ОСТАПЧУК А. А.
ВИННИКОВ А. Ф.	МАТВЕЕВ Н. А.	ПАВЛОВ Е. П.
ДАНИЛОВ Н. Ф.		

Тексеру комиссиясының құрамы

ЗЕРНЕВИЦ Ю. Г.	МОЛЧАНОВ А. Т.	ЮДИН С. Т.
КЛЮКИН Д. А.	ПРИМЕНКО Е. Н.	

Қалалық партия комитетінің пленумы

23 августа қалалық XVIII партия конференциясында сайланған ҚКП Петропавл қалалық комитетінің бірінші пленумы болды.

Пленум ұйымдастыру мәселелерін қарады.

Қалалық партия комитетінің секретарьлары болып **И. П. Полипов, М. В. Попов, В. Я. Кузнецов** жолдастар сайланды.

Пленум қалалық партия комитетінің бюро құрамына мына жолдастарды сайлады: **И. П. Полипов, М. В. Попов, В. Я. Кузнецов, А. И. Верпета, М. А. Савинов, В. И. Кочемировский, К. И. Дмитриев, С. С. Веселовский, В. Е. Островной.**

Пленум қалалық партия комитетінің бөлім меңгерушілерін бекітті: партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімінің меңгерушісі —**А. И. Верпета**, насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі —**А. В. Силин**, өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі—**М. И. Гречкосеев**, жоспарлау-финанс-сауда бөлімінің меңгерушісі—**М. Д. Агальцев**, әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімнің меңгерушісі — **К. П. Шульгина.**

бойынша тапсырылған Аравия мен Азияның біртоп елдері өкілдерінің хатында былай делінген:

«Біз Афганистанның, Бирманың, Египеттің, Индияның, Индонезияның, Иранның, Ирактың, Ливанның, Ливелияның, Пакистанның Филиппинның, Саидов Аравиясының, Сирияның, Тайландтың сіздерден сұраймыз. Бұл тартыстар мен хауіптер француз өкмет орындарының Марокодағы жағдайға заңсыз араласуына және оның заңды Сұлтанын орынсыз тағынан түсіруге байланысты туды. Сондықтан да сіздердің Уставқа сәйкес нақтылы шаралар қолдануыңызды сұраймыз».

ФРАНЦИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖИЫНАЛЫСЫНЫҢ БЮРОСЫ ПАРЛАМЕНТТІҢ ТӨТЕНШЕ СЕССИЯСЫН ШАҚЫРУДАН БАСТАРТТЫ

ПАРИЖ, 24 август. СОТА). Бүгін Ұлттық жиналыс бюросының мәжілісі болды, онда парламенттің төтенше мәжілісін шақыру туралы мәселе талқыланды. «Энформасьон» газеті бюро мәжілісін ашу қарсаңында Ұлттық жиналыстың председателі Эдуард Эррионың бекіткен тәртібіне байланысты қолхатпен бекітілген депутаттардың 208 талабы тіркелген. Сөйтіп, қажетті санға бір қолхат қана жетпейтін көрінеді. Ал, шынында парламентті шақыру жөнінде телеграф арқылы берілген талаптар жоғарыда көрсетілген саннан, сонымен қатар, конструкция бойынша қарастырылған мәлшерден әлде қайда артық.

Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, 10 дауыс қарсы және 2 дауыс бейтарап қалған жағдайда парламенттің сессиясын шақырмауға ұйғарылған.

АМЕРИКАН СОҒЫС ҚҰМАРЛАРЫ ШЫНДЫҚТАН ҚОРҚАДЫ

НЬЮ-ЙОРК, 24 август. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің Сан-Францискодан берген хабарына қарағанда, бірқатар жергілікті газеттердің тілшілері АҚШ-тың Қыйыр Шығыстағы қарулы күштері командованиесінің бұйрықтарына қарсы наразылық білдірген. Ол бұйрықтар бойынша елдеріне қайтарылған соғыс тұтқындарына Кореяда тұтқында болуы жайында баспасөз өкілдеріне айтуға тыйым салынған.

Бұйрықта баспасөз өкілдерімен әңгімелесу АҚШ армиясының ресми өкілдерінің қатысуы, олардың «әңгімеге бақылау жасауды» жүзеге асыруы жағдайында ғана болуы мүмкін деп атап көрсетілген.

ИРАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ТЕГЕРАН, 24 август. (СОТА). Иран радиосының хабарына қарағанда, генералдар Рияхи мен Кияни, полковниктер Монтаз бен Надири соғыс-әскери сотына берілетін көрінеді.

ПАРИЖ, 24 август. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Тегераннан берген хабарына қарағанда, меджлис депутаты Тегеран университетінің профессоры Зирак-Заде өзін-өзі атып өлтірген. Бұл жағдайдың кінәсі саяси өкмет орындарына тағылатын көрінеді.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Шоферлар, «С—80» тракторында жұмыс істеу үшін тракторшылар мен дизель тракторларын жүргізушілер, тракторларды, автомашиналарды жөндеу жөніндегі слесарьлар, электрщілер, ағаш шеберлері, пеш салушылар мен тас қалаушылар, коммуналдық құрылыс бастығының қызметіне практикалық тәжрибесі бар құрылыс инженері немесе техникі, инженер- экономист, радиаторларды жөндеу жөніндегі қалайылаушы, аккумуляторшы КЕРЕК.

Маман жұмысшылар сентябрь айынан бастап пәтермен, ал, жеке басты адамдар жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Жұмыс жайы жөнінде қызмет уақытында мына адреске келіп жолығуға болады:

Орталық жылу- электр станциясының жаны, № 5 машина-жол станциясы, телефон 4-34.

Петропавл қаласы, Чкалов көшесі, 16-үйде тұрушы Зоя Андреевна Антонова Михаил Алексеевич Антоновтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облыстық сотта қаралады.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ДУНАЙДЫҢ АР ЖАҒЫНДАҒЫ «ЗАПОРОЖЕЦ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҮШ ЖОЛДАС»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Петропавл қаласы, Ленинград көшесі, 23-үйде тұрушы Евгений Павлович Манюгин Львов қаласы, Городецкая көшесі, 141/231 үйде тұрушы Клавдия Ивановна Манюгинадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

ҮШ 01996. Қазақ ССР, Мәдениет министрлігінің полиграфия өнеркәсібі мен баспа Бас Басқармасының № 18 мемлекеттік баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.